



«БЕКІТЕМІН»

Қазақстан облысы әкімдігінің

басқармасы» КММ басшысы

*Г.Кәрімова* Г.Кәрімова

Қызылорда облысы «29» маусым

**Жалпы білім беретін оқу орындары оқушыларының  
арасында «Мағжан оқулары» республикалық ғылыми-шығармашылық  
конкурсын өткізу  
ЕРЕЖЕСІ**

**Жалпы ережелер.**

1. Осы ереже Республикалық жалпы білім беретін оқу орындары оқушыларының арасында өткізілетін «Мағжан оқулары» республикалық ғылыми-шығармашылық конкурсын (бұдан әрі—Мағжан оқулары) өткізу тәртібін айқындайды.

**2. Байқаудың мақсаты:**

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын, Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» Заңын іске асыру аясында жалынды ақын Мағжан Жұмабаев мұрасын жас ұрпаққа насихаттау және ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

**Міндеттері:**

- өскелең ұрпаққа ақын өмірі мен шығармашылық мұрасын кеңінен таныту;
- ұлттық құндылықтарды дәріптеу, елжандылыққа баулу;
- жаңа буынның интеллектуалдық пайым-парасатын арттыру;
- дарынды оқушыларға қолдау жасау.

**3. Байқауға қатысушылар:**

Мағжан оқуларына оқыту тіліне қарамастан, мемлекеттік және мемлекеттік емес жалпы орта білім беретін мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың 7-11-сынып оқушылары қатыса алады.

**4. Байқау шарттары:**

Мағжан оқулары бес номинация бойынша өткізіледі:

**4.1. «Өлең – менің Шолпаным, Айым, Күнім» – Мағжан шығармаларын жатқа оқу конкурсы** (Қатысушы өзі жатқа білетін шығармалардың тізімін конкурс басталғанға дейін ұсынуы қажет). *1-қосымша.*

**4.2. «Жасынан оқу оқып, өнер қуған...» – ғылыми жоба жұмысы** (Мағжан Жұмабаевтың шығармалары бойынша зерттеу жұмыстары). *1,2-қосымша.*

**4.3. «Ақын да бір бала ғой айға ұмтылған» – жас дарындар конкурсы** (Өз шығармаларын орындау. Қатысушы өз шығармаларының жинағын конкурс басталғанға дейін ұсынуы қажет). *1-қосымша.*

**4.4. «Мағжан поэзиясы – метафоралық бейнеде» – шығармашылық жұмыс.** (Мағжан Жұмабаев поэзиясын символикалық тұрғыда белгілі бір метафоралық бейне арқылы беріп, сурет салу). *1,2-қосымша.*

4.5. «Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім...» –тіл мәдениеті (Мағжан Жұмабаев өмірі мен шығармашылығы бойынша ой жалғастыру). 1,2- қосымша.

5. Облыстық, аудандық, қалалық, мектепшілік Мағжан оқуларын өткізудің нақты мерзімін тиісті білім бөлімдері мен мекеме басшылары белгілейді.

Мағжан оқуларының республикалық кезеңі 2022 жылғы 13-17 маусым аралығында өтеді.

6. Әр облыс 5 үміткер, яғни әр номинацияға 1 оқушыдан ұсынады.

7. Конкурста «Жасынан оқу оқып, өнер қуған...» – ғылыми жоба жұмысы бойынша бір «Бас жүлде» тағайындалады.

7.1. Әр номинация бойынша алты жүлделі орын: 1- бірінші, 2 - екінші, 3- үшінші орын белгіленеді.

8. Республикалық Мағжан оқуларына қатысушылардың (келу-қайту) жол шығындары жіберуші ұйым есебінен төленеді. Мағжан оқуларына қатысушы оқушылардың (жетекші педагогтардан басқа) тамақтануы мен тұру шығындарына «Солтүстік Қазақстан облыс әкімдігінің білім басқармасы» КММ жауапты. Қатысушылардың тұрғылықты жерінен эпидемиологиялық анықтамасы болу керек.

9. Мағжан оқуларын дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру жұмыстарын «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Білім саласындағы әдістемелік жұмыс және ақпараттық технологиялар орталығы» КММ жүзеге асырады.

10. Мағжан оқуларының төрағадан, хатшыдан, алқа мүшелерінен тұратын қазылар алқасының құрамын облыстық ұйымдастыру комитеті бекітеді.

11. «Солтүстік Қазақстан облыс әкімдігінің білім басқармасы» КММ Мағжан оқуларының қорытындылары туралы есепті білім басқармасының сайтына орналастырады.

12. Мағжан оқуларына қатысу туралы өтінім 2022 жылғы 31 мамырға дейін «Солтүстік Қазақстан облыс әкімдігінің білім басқармасы» КММ төмендегі үлгіде жолдау қажет. Көрсетілген мерзімнен кеш жіберілген өтінімдер қабылданбайды. Байланыс үшін телефондар (Есімсейітова Әсел Қайырқызы: 8-777-926-42-62, Мұқашева Әсел Амангелдіқызы: 8-705-670-36-85).

Электрондық пошта: [magzhan.konkurs@bk.ru](mailto:magzhan.konkurs@bk.ru)

**Конкурсқа қатысушылар туралы өтінім**  
(кестеге сай ұсынылуы тиіс)

**«Өлең – менің Шолпаным, Айым, Күнім» номинациясы бойынша**

№	Оқушының аты-жөні (аты-жөні толық жазылады, телефон нөмірі)	Сыныбы	Облысы, ауданы, мектебі (толық жазылады)	Дайындаған мұғалімнің аты-жөні (аты-жөні толық жазылады, телефон нөмірі)

**Жатқа орындайтын шығармалар тізімі:**

- 1.
- 2.

**«Жасынан оқу оқып, өнер қуған...» номинациясы бойынша**

№	Оқушының аты-жөні (аты-жөні толық жазылады, телефон нөмірі)	Ғылыми жоба тақырыбы	Сыныбы	Облысы, ауданы, мектебі (толық жазылады)	Дайындаған мұғалімнің аты- жөні (аты-жөні толық жазылады, телефон нөмірі)

**«Ақын да бір бала ғой айға ұмтылған» номинациясы бойынша**

№	Оқушының аты-жөні (аты-жөні толық жазылады, телефон нөмірі)	Сыныбы	Облысы, ауданы, мектебі (толық жазылады)	Дайындаған мұғалімнің аты-жөні (аты-жөні толық жазылады, телефон нөмірі)

**Шығарған өлеңдерінің тізімі:**

- 1.
- 2.

**«Мағжан поэзиясы – метафоралық бейнеде» номинациясы бойынша**

№	Оқушының аты-жөні (аты-жөні толық жазылады, телефон нөмірі)	Сыныбы	Облысы, ауданы, мектебі (толық жазылады)	Дайындаған мұғалімнің аты-жөні (аты-жөні толық жазылады, телефон нөмірі)

**«Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім»...номинациясы бойынша**

№	Оқушының аты-жөні (аты-жөні толық жазылады, телефон нөмірі)	Сыныбы	Облысы, ауданы, мектебі (толық жазылады)	Дайындаған мұғалімнің аты-жөні (аты-жөні толық жазылады, телефон нөмірі)

**4.2. Мағжан оқуларының ««Жасынан оқу оқып, өнер қуған...»  
номинациясына қойылатын талаптар**

**Зерттеу жобасының құрылымы:**

- а) тақырыбы
- ә) өзектілігі
- б) мақсат, міндеттері
- в) әдіс-тәсілдері
- г) жаңашылдығы
- ғ) күтілетін нәтижесі
- д) нәтижені талқылауы, қорытындылауы
- ж) ұсыныстардың берілуі
- з) пайдаланылған әдебиеттер тізімі

**Зерттеу жобасына қойылатын талаптар:**

- жас зерттеушілер тақырыпқа байланысты ғалымдардың зерттеу еңбектерін цитата түрінде немесе сілтеме жасап қолдануға болады;
- талдаулар бүгінгі күнгі жастардың танымы тұрғысынан ерекшеленуі керек;
- мәселені шешуде автордың өзіндік көзқарасы танылуы керек;
- зерттеу тақырыбының өзектілігі;
- Жұмыс 5 минуттан аспауы тиіс.
- Көлемі – 10-12 бет.

**4.4. Мағжан оқуларының «Мағжан поэзиясы – метафоралық бейнеде»  
номинациясы бойынша қойылатын талаптар**

**Қысқаша түсініктеме:**

Конкурсқа қатысушы Мағжан Жұмабаевтың ұсынылған өлеңі немесе поэмасынан үзінді бойынша шығарманың негізгі ойын нақты бір метафоралық бейне арқылы беріп, А3 қағазына сурет салады. (Қатысушылар өздерімен бірге түрлі-түсті қарындаштар ала келулері тиіс).

**Қойылатын талаптар:**

- ақын шығармашылығымен толық таныс болуы;
- шығарманың негізгі ойын аша білуі;
- шығарма идеясын метафоралық бейне арқылы көрсете білуі;
- креативті ойлау шеберлігі;
- сурет салуға икемі болуы тиіс.

#### **4.5. Мағжан оқуларының «Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім» номинациясы бойынша қойылатын талаптар**

##### **Қысқаша түсініктеме:**

Қатысушылар жеребе арқылы топтарға бөлінеді. (Осы тұста қатысушының қай бөлім бойынша сөйлейтіні қоса анықталады). Әр топқа Мағжан өмірі мен шығармашылығы бойынша нақты тақырып ұсынылады. Топтағы қатысушылар берілген тақырып бойынша кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерді сақтай отырып, бір-бірінің ойларын дамыта отыра жалғастыруы тиіс.

##### **Қойылатын талаптар:**

- кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдердің талаптарын сақтауы;
- ой жүйелілігі;
- тіл байлығы, сөздік қоры;
- эмоционалдық-экспрессивтік сөздерді қолдануы;
- тақырып мазмұнына сай дәйексөздерді келтіре білуі тиіс.